

ӘОЖ 349.422

Б. Қалымбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті,
кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к. Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: b_kalymbek@mail.ru

Егін шаруашылығын құқықтық реттеу

Қазіргі уақытта Қазақстанның аграрлық секторы ауыл шаруашылығы дақылдары шығымдылығының және ауыл шаруашылығы малдары өнімділігінің төмендігіне, ескірген технологияларды пайдалануға, қосылған құны төмен өнім шығаруға, сала субъектілерінің инновациялық белсенділігінің әлсіздігіне негізделген төмен еңбек өнімділігімен сипатталады.

Бидай өндірісінің көлемі ұлттық тұтыну деңгейінен асады, ал артылып қалғаны қалыптасқан дүниежүзілік орташа бағамен экспортталады.

Еңбек өнімділігінің, өсімдік шаруашылығындағы шығымдылықтың, мал шаруашылығындағы өнімділіктің әлемдік көрсеткіштермен салыстырғандағы төмен деңгейі, ұлан-байтақ ауыл шаруашылығы жерлерінің болуы АӨК қарқынды дамыту үшін әлеует құрады.

Азық-түлікке әлемдік сұраныстың өсуі жағдайларында Қазақстанның АӨК іске асырылмаған әлеуеті ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу саласына инвестициялардың өсімі үшін аса маңызды ынталандырушы фактор болып табылады, ол Қазақстанға әлемдік жетекші азық-түлік өндірушілердің қатарына кіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: аграрлық сектор, егін шаруашылығы, құқық, құқықтық реттеу, аграрлық саясат.

B. Kalymbek

Legal regulation of agriculture

Currently the agricultural sector of Kazakhstan is characterized by low productivity due to low crop yields and livestock productivity, the use of outdated technologies, production of products with low added value, low innovation activity of the industry. Wheat production exceeds the level of national consumption and the surplus is exported to the developed world average price. Relatively low in comparison with world level indicators of labor productivity, productivity in crop productivity in livestock, the presence of extensive agricultural land creates the potential for intensive development of agribusiness. In the face of rising global demand for food, the untapped potential of agribusiness in Kazakhstan is an important driving force for the growth of investment in agriculture and processing that will allow Kazakhstan to become one of the world's leading food manufacturers.

Keywords: agricultural sector, agriculture sowing, right pravovove regulation, agricultural policy.

Б. Калымбек

Правовое регулирование сельского хозяйства

В настоящее время аграрный сектор Казахстана характеризуется низкой производительностью труда, обусловленной невысокой урожайностью сельскохозяйственных культур и продуктивностью сельскохозяйственных животных, использованием устаревших технологий, выпуском продукции с низкой добавленной стоимостью, слабой инновационной активностью субъектов отрасли. Объемы производства пшеницы превышают уровень национального потребления, а избыток экспортируется по сложившейся среднемировой цене. Относительно низкие в сравнении с мировыми показателями уровень производительности труда, урожайность в растениеводстве, продуктивность в животноводстве, наличие обширных сельскохозяйственных земель создают потенциал для интенсивного развития АПК. В условиях роста мирового спроса на продовольствие, нерезализованный потенциал АПК Казахстана является важным стимулирующим фактором для роста инвестиций в отрасли сельского хозяйства и переработки, что позволит Казахстану войти в число ведущих мировых производителей продовольствия.

Ключевые слова: аграрный сектор, посевное хозяйство, право, правовое регулирование, аграрная политика.

Қазақстан Республикасы аграрлық саясатының стратегиялық нысанасы отандық өндірісті ұлғайту, өнім сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын әлемдік бәсекелестік деңгейінен асырмау, халықты экологиялық азық-түлік өнімдерімен, ал өнеркәсіпті шикізатпен толық қанағаттандыру болып табылады.

Қазақстанның аграрлық секторы әлеуметтік-экономикалық жағынан терең түрлендірілді, шаруашылықты жүргізудің экономикалық механизімі өзгерді, шаруашылықтың жаңа нышандары қалыптастырылды. Экономикасы дамыған елдер тәжірибесі аграрлық өндірісте жандандырмай елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешу және дамыған нарықтың қатынастарды қалыптастыру мүмкін еместігін дәлелдеп отыр.

Аграрлық саясат ол ауыл шаруашылық өндірісі мен агробизнесінің басқа да салаларын тиімді дамытуға бағытталған және осы негізде халықтың тұрмыс дәрежесімен елдегі қоғамдық процестің дамуын қамтамасыз ету саясаты.

Бүгінде кең жазиралы жайылымдары мен егіншілікке қолайлы алқаптары бар Қазақстанның ғаламдық азық-түлік жүйесіндегі алар орнын шет елдік мамандар ерекше атап отыр. Қазақстан – аумақтық және жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызы зор мемлекет. Агроөндіріс кешенін дамытуға қажетті жер және табиғи ресурстарымыз мол. Елде ауыл шаруашылығы саласы тұрақты дамып отыр. Өйткені мемлекет тарапынан ұдайы қолдауға ие болып келеді. Оның үстіне, аталмыш салаға жаңа экспорт көздерін ашу үшін инвестициялар да көптеп тартылды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде соңғы жылдары Қазақстан – астық пен ұн экспорттау жөнінен көшбастаушы. Ал бұл Қазақстанның жаһандық азық-түлік нарығы үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетіп отыр, сонымен қатар жаһандық ауыл шаруашылығы жүйесіндегі Қазақстанның атқарар рөлінің маңыздылығын атап өткен жөн. Өзінің бай табиғи қазынасының арқасында біздің мемлекет ауыл шаруашылығы өнімін ұлғайту бойынша зор басымдықтарға ие. Соның арқасында Қазақстан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзін жаңа деңгейге көтере алатыны сөзсіз.

Азық-түлік өнімі ретінде бидайдың көптеген аса бағалы қасиеттері бар. Бидай дәні – аса құнарлы да қуатты азық, оны сақтау да қиын емес, бір жерден екінші жерге тасып жеткізу де

оңай және оны өңдеп алуан түрлі өнім алуға болады [1].

2011 жылы біз тәуелсіздік алғалы бері 29 миллионнан аса көлемде астық жинау бойынша, рекордтық көрсеткіш жасалып, 15 миллион тонна бидайды экспорттадық. Осы жылғы көрсеткіште жаман емес. Жер көлемі жағынан алты құрлықтағы мемлекеттер ішінен тоғызыншы орын алатын алып Қазақстанның егістік алқаптарының ауданы да ауыз толтырып айтарлықтай. Шаруалар жылына шамамен 20 миллион гектардан астам жерге ырыс дәнін себумен келеді. Соның сексен, ал кейбір облыстарда тоқсан пайызына дейін тек арпа, бидай өсіріледі екен. «Арпа, бидай ас екен» деп ескі әнде шырқалатындай, астығымыз ел экономикасына елеулі үлес қосып отыр. Дегенмен өткен жылғы бидай бағасының төмендігі, қазақ бидайының сапасыздығынан өтпей, әлі күнге дейін қамбада жатуы ойды сан салаға жүгіртеді. Тіпті, нарығы түбі жоқ бөшкеге теңелген Қытайдың өзі 28 пайыздан төменгісін алмай отыр. Ал біздің диқандар өсірген дәннің 15 пайызы ғана осындай сапаға ие. Не істеу керек? Дақылдың бір емес, бірнеше түрін екен пайдалы екенін түсінуіміз керек. Мысалы, өткен жылы майлы дақылдардың бағасы бидайға қарағанда төрт-бес есе қымбат болған. Сондықтан да болар, биыл күнбағыс, рапс, зығыр тұқымдарын салушылар күрт көбейді. Ел бойынша алдағы күзде диқандар бұрынсоңды болмаған 1,7 миллион гектар жерден осындай дақылдарды оруды жоспарлап отыр. Ауыл шаруашылығы мамандарының айтуынша, биылғыдай қуаңшылық болған жылы майлы дақылдардың бағасы одан да жоғары болады деп күтілуде [2]. Осыдан екі жыл бұрын елімізде болған логистика проблемасын алдын алып шешу керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында он сан қатар көрсетілген. Соның бірі – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер. Әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. Бүгінгі өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе

түспек. Біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар. Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады [3].

Ауыл шаруашылығын, әсіресе ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажет.

Әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бізге мыналар қажет:

Егістік алаңын ұлғайту. Мұндай мүмкіндік барлық елдерде бірдей жоқ.

Егістік түсімін, ең алдымен, жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру қажет.

Әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке иеміз. Экологиялық баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде агроөнеркәсіптік кешеннің алдына экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндеті қойылған.

Ауыл шаруашылық қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту.

Бұл – өзекті міндет. Бұл арада бізге: Жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет.

Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек.

Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ІЖӨ-дегі ауыл шаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы болуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы мұқтажы үшін бізге аса көп су көлемі қажет. Осыған байланысты біз:

Басқа елдердегі, мысалы, Австралиядағы сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешудің озат тәжірибесін мұқият зерделеп, оны біздің жағдайымызда пайдалануға тиіспіз.

Бізге елеулі қоры бар жерасты суларын өндіру мен үнемді пайдаланудың ең озат технологияларын енгізу қажет.

Агроөнеркәсіп секторында ылғал үнемдеу технологиясына кешенді түрде ауысуға тиіспіз

[3]. Міне, осы жолдауда айтылған бағыттар тек қағаз бетінде қалып қоймай жүзеге асса, елімізде егін шаруашылығы ел экономикасының локомативі болар еді.

Ауыл шаруашылығы – мемлекеттік саясат арқылы реттелетін экономика сферасы. Аграрлық экономиканы мемлекеттің жоғары деңгейде қолдауы мақсаты ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елді мекендердің дамуына ықпал ету, өндірушінің мүмкіндіктері мен тұтынушы сұранысы арасындағы балансты қалыпты ұстау сияқты маңызды стратегиялық міндеттерді шешумен ерекшеленеді. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау – бұл аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің ажырамас бөлігі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері мен мал басының ауруына қарсы күрес бойынша алдын алу шараларына, егінжай шығымдылығының төмендеуімен байланысты қолдау, бағалық қолдау және субсидия түрлерін осы шараға сәйкестендіру, импорт, экспортты, ішкі республика аралық азық-түлік және ауыл шаруашылығы шикізаттарының тасымалдауды бақылауды жүргізіп отыру қажетпіз.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп қоюдың өзі жеткіліксіз. Оны сақтап, сапалы түрде өндегеннен кейін халыққа уақытында жеткізу керек. Ауыл шаруашылығы бұл мәселелерді басқа салалардың көмегінен шеше алмайды. Сондықтан бір шаруашылық түрінің дамуы Агроөнеркәсіптік кешеннің басқа түрінің дамуымен байланысты. Жұмыскерлердің саны жөнінен (2,4 млн адам) АӨК аса ірі салааралық кешен болып табылады. Ол елдегі ішкі жалпы өнімнің 1/10 бөлігін береді. АӨК өнімдері барлық тауар саудасының 50%-дан артығын құрайтындықтан, халықтың әл-ауқатын жақсартуға әсерін тигізеді. Сонымен бірге өнімдері шет елдерге сатылады. Мысалы, бидай және ұн Қазақстанның маңызды экспорттық тауары. Ауыл шаруашылық жерлеріне қолайсыз факторлар – құрғақшылық, жел және су эрозиясы, топырақтың тұздануы мен батпақтануы әсер етеді. Сондықтан жерді мелиорациялау (жақсарту) шараларының егістік жерлерді суарудың, жайылымдарды суландырудың; ағаш отырғызудың, құмдарды бекітудің, жер бетін тегістеудің жолын табу керек;

Ауыл шаруашылығымен айналысуда тәуекел көп болады және бұл шаруашылық түрі басқа

шаруашылыққа қарағанда табиғатқа байланысты. Табиғаттың қолайсыз жағдайларынан шаруалар көп шығынға батуы мүмкін, сондықтан ауыл шаруашылығымен бәрінің айналысуға батылы бара бермейді. Осы шиеліністің алдын алу үшін ауыл шаруашылығындағы қызметті сақтандыруды жетілдіру керек. Елімізде 12,4 млн гектардан астам алқап сақтандандырылған, бұл сақтандандырылуға тиісті жалпы егістік аумағының 74%-ын құрайды (күзгі дақылдарды қоспағанда).

«Қазагроомаркетинг» АҚ-ның ағымдағы ақпараты бойынша, оның ішінде 120 мың гектар егістік жердегі ауыл шаруашылығы дақылдары шықпай қалды, бұл барлық сақтандандырылған алқаптың 1%-ын құрайды (өткен жылы осы кезеңде бұл көрсеткіш 800 мың гектарды құраған). Атап өтетіні, аталған көрсеткіш артуы мүмкін, себебі алқаптарды тексеру жұмыстары барлық аймақтарда толық аяқталған жоқ. Әдеттегідей, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында егіс алқаптары құрғақшылықтан зардап шекті. Ал Ақмола облысының егістігіне жауған бұршақ пен ылғалдың тым көп болуы кері әсерін тигізген [4]. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы №533 Заңы осы мәселені реттеуде қауқарсыз болып отыр. Бұл заңның кемшіліктері де баршылық. Мысалға, аталған заңның 8-бабының 3-тармағына сәйкес: Міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеу жағдайларында сақтандыру сыйлықақысының кезекті сомасын уақтылы төлемеген жағдайда сақтанушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандырушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті делінген. Ал 9-бапта сақтандырушының міндеттері берілген, бұл жерде сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасын төлемегені үшін еш жауапкершілік туралы айтылмаған [5]. Осы кемшіліктерді жою мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерін міндетті сақтандыру туралы ережелерді азаматтық заңнамаларға енгізіп, ҚР Азаматтық кодексінің 807-бабының 1-тармағына, яғни сақтандыру объектісіне ауыл шаруашылығы өнімдері деп 5-тармақшаны енгізу керек.

Жер қатынастарын жетілдіру мақсатында жерді тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілік тетіктерін көздейтін заң актілерін әзірлеу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кредит ресурстарына қол жеткізуін ұлғайту, жер пайдалануды жақсарту үшін мүмкіндік береді;

Заң актілеріне лизингілік техниканы арзандатуға, ауыл шаруашылығы өндірісінің машина-трактор паркін жаңарту көлемін ұлғайтуға бағытталған қаржылық лизинг мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

“Астық туралы” Қазақстан Республикасының Заңына “астық қолхаты туралы” ұғымын кеңейту және дербес құжаттық ордерлік бағалы қағаз ретінде “астық қолхаттарының” айналысын құқықтық реттеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бұл банктің кредит беруіне арналған кепіл құралдарының базасын кеңейтеді және аграрлық азық-түлік секторының қаржылық тәуекелдерін азайтады.

Ирригациялық құрылыстарға меншік қатынастарын реттеу, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін, суармалы-суландыру жүйелерінің жай-күйін бағалаудың мониторингін жүзеге асыру, ерекше авариялық шаруашылықаралық гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру, ауыл шаруашылығы өндірісінде су ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасы Су кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу, оның ішінде су пайдаланушылар бірлестіктерінің ұйымдастырылуы және жұмыс істеуі жөнінде нормаларды қарастыру қажет.

Ауылшаруашылығытауарынөндірушілердің мүліктік мүдделерін табиғи сипаттағы дүлей апаттар мен қауіпті эпизоотиялардың қатерінен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында “Ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандыру туралы” Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу, бұл өндіріс тиімділігін арттырудың, инвестициялау тәуекелдерін кемітудің, қаржы ресурстарына қол жеткізуді ұлғайтудың тұрақтандырушы факторы болады. Отандық өнімнің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту және ДСҰ-ға кіру кезінде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету айқын аңғарылатын аймақтарды немесе тауарлардың топтарын қорғау элементтерін сақтау мақсатында экономиканың басқа салаларындағыға қарағанда мемлекеттік реттеу үлкен рөл атқаруға тиіс болатындай

аграрлық азық-түлік саясатын жүргізу, “Ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімін ұқсату салаларын мемлекеттік қолдау туралы” Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу қажет. Сонымен қатар қазіргі кезде маңызды болып отырған логистика мәселесін шешіп, реттеу керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы Жарлығымен қабылданған Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның басымдықтарының бірі Астана мен Алматы қалаларының айналасында азық-түлік белдеулерін қалыптастыру болып табылады. «Азық-түлік белдеуін» құрудың негізгі

мақсаты азық-түлік нарығындағы бағаны тұрақтандыру және инфляциямен күрес болып табылады. Осындай бағдарламалар арқылы Қазақстан мемлекетінің әрбір аймақтарында қолға алынып азық-түлік тапшылығын азайтып, елді арзан азық-түлікпен қамтамасыз ете отырып, азық-түлік өндірудің сапасын және көлемін арттыруға болады. Бұл қадам азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі алғашқы қадам болып табылады. Еуропа елдерінің ішіндегі алдыңғы қатардағы мемлекеттердің, яғни Дания, Норвегияға қарағанда біздің мемлекетіміздің мүмкіншіліктері өте жоғары. Солтүстікте жатқан Скандинавия мемлекеттеріне қарағанда Қазақстан жерінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіншілік өте зор.

Әдебиеттер

1. «Астық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы №143 Заңы.
2. Сапарова А.А. Производство и рынок потребительских товаров на пути сабилизации и развития. – Алматы, 2003.
3. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14 желтоқсан 2012.
4. <http://www.aikyn.kz/news/view/31317>
5. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы №533 Заңы.

References

1. “Astyk turaly” Kazakhstan 2001 Respublikasynuң zhyly 19 qantardaғы Zaңy number 143;
2. Saparova AA Manufacture and market consumer products on the way sabilizatsii and Development, Almaty, 2003;
3. ҚР Prezidentiniң “Kazakhstan-2050” strategiyasy qalyptaskan memlekettiң Zhana Sayasov baғыty “atta Kazakhstan halkyna Zholdauy 14 Zheltoqsan 2012;
4. <http://www.aikyn.kz/news/view/31317>
5. “Өsimdik sharuashylyғындағы mindetti saqtandyru turaly” Kazakhstan 2004 Respublikasynuң zhyly 10 nauryzdaғы Zaңy number 533.